

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

**БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАУЛЫСЫ**

18 января 2021г.

Нұр-Сұлтан қаласы



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«НАЦИОНАЛЬНЫЙ БАНК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»**

**ПОСТАНОВЛЕНИЕ
ПРАВЛЕНИЯ**

№ 1

город Нур-Султан

**Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің
2021 жылға арналған комиссиялық
сыйақысының шамасын бекіту туралы**

«Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 53-бабы 5-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2021 жылға арналған комиссиялық сыйақысының шамасы бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері бойынша инвестициялық кіріс сомасынан 2,0 пайыз мөлшерінде бекітілсін.

2. «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының 2021 жылға арналған комиссиялық сыйақысының шамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2020 жылғы 27 қарашадағы 132 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Монетарлық операциялар департаменті (Тұрсынханов Н.А.):

1) 2013 жылғы 26 тамыздағы № 362 «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамының зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқару қызметтері туралы шартқа тиісті өзгерістер енгізу бойынша қажетті іс-шараларды жүзеге асырсын;

2) осы қаулыны «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» акционерлік қоғамына және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің мүдделі бөлімшелеріне жіберсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары Ә.М. Молдабековаға жүктелсін.

5. Осы қаулы қабылданған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға

Е. Досаев